

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**



**Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н.
ГУМИЛЕВА**

**"ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ДАМУЫ: ШЫНДЫҒЫ МЕН БОЛАШАҒЫ"
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК ТРУДОВ
международной научно-практической конференции
"СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ НЕЗАВИСИМОГО
КАЗАХСТАНА: РЕАЛИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ"**



**9 желтоқсан, 2021
Нұр – Сұлтан**

ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)

ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73

Т29

Редакция алқасы

МАЙДЫРОВА А.Б. - төрайым, э.ғ.д., профессор, кафедра меңгерушісі,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

БАЙЖОЛОВА Р.А. - э.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ЕГЕМБЕРДИЕВА С.М. - э.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия

ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ТЛЕСОВА Э.Б. - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

БЕРЖАНОВА А.М. - э.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев

атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ЖАНАБАЕВА Ж.К. - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

АУЕЛБЕКОВА А.К. - э.ғ.к., доцент Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ДОСМАҒАНБЕТОВ Н.С. - э.ғ.м., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

КАЗБЕКОВА З.К. - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

НҰРЛАНҰЛЫ А - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ISBN 978-601-337-610-3

Т29 "Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы: шындығы мен болашағы" атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. –Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 361 б.

Сборник трудов международной научно-практической конференции "Социально-экономическое развитие независимого Казахстана: реалии и перспективы". – Нур-Султан: ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, 2021. – 361 с.

Works of the International scientific - practical conference "Socio-economic development of independent Kazakhstan: realities and prospects". - Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2021. – 361 p.

ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)

ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73

ISBN 978-601-337-610-3

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2021


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰРҒЫН-ҮЙ НАРЫҒЫНА ПАНДЕМИЯНЫҢ ТИГІЗГЕН ӘСЕРІН БАҒАЛАУ

Нұрланұлы А.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., a-h_99@mail.ru

Коронакризис әр елдің тұрғын-үй нарығы инвестиция тартымдылығына өз әсерін тигізіп келеді. Орталық Азия елдері нарықтарында кризис салдарынан қысым байқалып отыр, бірақ олардың деңгейлері ерекшеленеді.

Дүниежүзілік банк деректеріне сәйкес, 2020 жылы Қазақстандағы ЖІӨ-нің өсім қарқыны - 2,5%-ды көрсетті делінген. Қазақстанның жылжымайтын мүлік нарығы осындай кризис жағдайында, әртүрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған, ипотекалық және мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуы әсерінен қолдау тауып келеді [1].




Сурет 1 ҚР ЖІӨ-нің 2017-2022 жж. аралығындағы өсім қарқыны
Ескерту – [2] дерек көзі негізінде автормен құрастырылды

ҚР бойынша, 2020 жылғы қаңтар-желтоқсанда тұрғын үй құрылысына 1968 млрд. теңге салынды, бұл 2019 жылға қарағанда 33,6% көп. 2020 жылғы қаңтар-желтоқсанда жалпы алаңы 15328,6 мың шаршы метр, ал 2019 жылы 13133,8 мың шаршы метр тұрғын үй ғимараттары пайдалануға беріліп, 16,7% өсімді көрсетті [2].

1,1 млн халқы бар Нұр-Сұлтанда 2019 жылы 1,8 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Елордада тұрғын үймен қамтамасыз ету – 2020 жылы бір адамға 30,5 ш.м. құрап 2019 жылмен салыстырғанда өзгеріссіз қалса – Алматы бойынша 2020 жылы бір адамға 28,3 ш.м. көрсетіп 0,3 шаршы метрге жоғарылаған.

Нұр-Сұлтан қаласы бойынша бағаларды және халықтың табысын есепке алғандағы қолжетімділік коэффициенті 7,16 жылды құраса, Алматы қаласы бойынша 8,14 жылды көрсетіп отыр [3].



Сурет 2. ҚР тұрғын үй қоры, млн шаршы метр

Ескерту – [2] дерек көзі негізінде автормен құрастырылды

Қазіргі тағдағы жүзеге асырып жатқан мемлекеттік ипотекалық бағдарламалар арқылы жеңілдікпен берілетін ипотекалар осы нарықты жандандырып отырған құралдардың бірі. Ипотекалау көлемі 2019 жылы Нұр-Сұлтан қаласында 57% артса, Алматы қаласында 56% өсімді көрсетіп отыр. Осы мерзімде сату-сатып алулар мәмілелері сәйкесінше 10 және 35 пайызға өсімді корсетті. Пандемия кезінде де мәмілелер жасалынды, бірақ бірнеше аз көлемде болды. ҚР ҰЭМ деректері бойынша 2019 жылмен салыстырғанда 2020 жылдағы сәуір-мамыр айларында 3-3,5 есе төмендеген. Алайда, 2020 жылы ипотека нарығында займдарды беру тек локдаун кезінде ғана өсім қарқының теріс трендін көрсетсе (наурыз-мамыр), нарық маусым айынан бастап жандандып жоғалтуларын қалыпқа келтірді, тіпті жыл соғына қарай кризисқа дейінгі кезең көрсеткіштеріне дейін жете алды.

Тұрғын-үйлерге бағалар өсуде, мысалы Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында өсім шамамен жыл сайын 10 пайызға артқандығы байқалады. Colliers Kazakhstan агенттігінің мәліметтеріне сәйкес алдағы уақытта тұрғын-үй нарығында бағалардың төмендеуіне еш негіз жоқ. Бағаның өсуіне негізгі себептер: коронакризис, инфляция, теңгенің құнсыздануы (доллорда бағалар тұрақты) және БЖЗҚ-ның 100 мыңға жуық салымшысы алатын зейнетақы жинақтарының бір бөлігін тұрғын үй сатып алу үшін пайдалану мүмкіндігі туралы мемлекеттің жаңа шешімі себеп [4].

Бағаның өсуіне негізгі себептерін толығырақ қарастырсақ:

Біріншіден, тұрғын үйлердің жетіспеушілігі. Қазіргі таңдағы елдегі дефицит көлемі 180-200 млн шаршы метр шамасында сақталып отыр, қазіргі өсу қарқынын есепке алсақ бұл алдағы 15-20 жылға дейін жалғаспақ деген болжам жасауға болады.


Екіншіден, алғашқы себептің салдарынан бұл тауар түріне сұраныстың артуын айтуға болады. Бұл жерде ипотекалық шоғырлануды айтуға болады, оның 52 пайызға жуық мөлшері Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында және төрттен бірі Маңғыстау, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Қарағанды облысы және Шымкент қаласында шоғырланған.

Үшіншіден, құрылыс материалдарының қымбатшылығын айтуға болады. Осы материал түрлеріне деген сұранысты, өкінішке орай, отандық өндірушілер толығымен қанағаттандыра алмайды. Тіпті, кейбір материалдар түрлері

бойынша импорт үлесі 80%-дан асады. Мысалы, әйнек парақтары толығымен шетелден тасымалданады.

Импорттың жоғары деңгейі, өз кезегінде, ұлттық валютаға, сондай-ақ экономикалық белсенділікке қысым көрсете отырып, елдің сауда теңгеріміне теріс әсер етеді. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2021 жылдың жеті айында құрылыс материалдарының импорты 368,5 млн долларға жетті, бұл экспорттан 16 есе көп. Әрине, бұл жылжымайтын мүлік бағасына үлкен соққы тигізеді [5].

Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында және Маңғыстау, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Қарағанды облыстарында ипотекалық несиелендірудің өсу қарқыны 2021 жылы 12% - дан 23% - ға дейін, ал жаңа тұрғын үйді пайдалануға беру 13% - дан 24% - ға дейін өсті.



Сурет 3 ҚР тұрғын үй нарығындағы бағалар динамикасы, мың тг және бағалардың өсім қарқыны, %

Ескерту – [2] дерек көзі негізінде автормен құрастырылды

Яғни, нарықта зейнетақы қаражатын пайдалану мүмкіндігімен, тұрғын үй мемлекеттік бағдарламаларының әрекетімен және Отбасы банкі тарапынан кредиттеудің кеңеюімен байланысты жоғары сұраныс қалыптасты. Ал нарықтың заңы бойынша сұраныстың артуы, өз кезегінде бағаның өсуіне алып келеді. Сондықтан тамыз айында бастапқы тұрғын үй 2020 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 10,9% - ға қымбаттап, бір шаршы метр үшін 343,8 мың теңгеге жетті, ал қайталама нарықтағы тұрғын үйдің құны бір шаршы метр үшін 272,8 мың теңгеге дейін өсіп, 17% - ға өсімді көрсетті.

Қорытындылай келе, пандемияның тигізген үлкен зардаптарына қарамастан тұрғын үй нарығы жылдам қалпына келді деп айтсақ артық кетпегендігіміз. Басты қозғаушы күш мемлекет тарапынан жасалып жатқан жеңілдігі бар мемлекеттік ипотекалық бағдарламалар мен БЖЗҚ салымшыларына жасалған арнайы ұсынстар болды. Бірақ теріс әсерлі жағдайлардың, карантиндік іс-шаралардың әсерінен болған төмен белсенділік пен инфляцияның әсерінен болған баға өсулердің болғанын да ескеру керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Дүниежүзілік банк ресми сайты - <https://worldbank.org/Kazakhstan/>
2. ҚР СЖРА ҰСБ ресми сайты - <https://stat.gov.kz/>
3. Онлайн ресурс: <https://kapital.kz/>
4. Онлайн ресурс: <https://colliers.kz/>
5. Онлайн ресурс: <https://forbes.kz/>

Өңірдегі инфляция және жұмыссыздық көрсеткіштері

Нұрлыбек З.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

Жұмыссыздық – елдегі еңбекке қабілетті тұрғындардың бір бөлігі өзіне пайдалы еңбекпен айналысатын кәсіп таба алмай дағдаратын әлеуметтік-экономикалық құбылыс. Кез келген қоғамдағы экономикалық даму барысында тұтыну тауарларының сұранымы құрылымында және өндіріс технологиясында маңызды өзгерістер болады. Қазіргі кездегі ауқымды өзгерістер кезеңі қоғам өмірінің барлық саласын жан-жақты қамтуда экономика мен экономикалық теория бүгінгі күндерде қоғамды дамытудың басты пәрменді күші болып отыр. Экономикалық құрылымы өте күрделі және экономика ғылымы эволюциялық жолмен дамып, болжамдарды жалғастырып келеді. Экономика сонымен қатар қоғам өмірінің көптеген мәселелерін қамтиды. Әсіресе, соның ішінде баға, табыс, жұмыссыздық және тағы басқа құбылыстардың өзгерісімен тығыз байланысты. Қазіргі күндері экономиканы біріншіден - өндіріс, инфляция, табыстар қозғалысын түсіндіру және жазу үшін, екіншіден – экономикалық тәртіпті негіздеу үшін қолданылады. Экономиканың өзін макроэкономика және микроэкономика деп екі салада қарастырамыз. Бұл екі сала өзара бір – бірімен тығыз байланысты болады. Міне, осы макроэкономика саласының күрделі мәселелерінің бірі - инфляция болып табылады.

Халықты жұмыспен қамту үшін 2020-2021 жылдарға арналған "Жұмыспен қамтудың жол картасы" екі жылдық бағдарламасын іске асыру басталды, Жұмыспен қамтудың жол картасын іске асырудың негізгі мақсаттарының бірі жаңа жұмыс орындарын құру және халықтың табысын қамтамасыз ету болып табылады. Осы орайда Шығыс Қазақстан облысының бірнеше аудандары мен қалаларында жұмыссыздықты жою бағыты бойынша көптеген жұмыстар атқарылды.

Шығыс Қазақстан облысы Қазақстанның ең ірі индустриалды-аграрлық аймағы болып саналады. Шаруашылығының басты саласы – өнеркәсіп. Оның құрамында кен өндіру, түсті металлургия, энергетика, машина жасау, құрылыс материалдар өнеркәсібі, ағаш өңдеу, тамақ және жеңіл өнеркәсіптері дамыған. Облыс өнеркәсібінің басты түсті металлургиясы “Қазмырыш”, “Өскемен титан-магний комбинаты”, “Үлбі металлургиялық зауыты” АҚ-дары, “Қазақмыс корпорациясы” АҚ-ның “Шығыс Қазмыс” бөлімшесін, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкісінің РМК “Қазақстан монета сарайы”, “Қазниобий Ертіс химия-металлургия зауыты”, “Ертіс сирек элементті компаниясы”, “Қазмырыштех”